

УДК 344

## ӘСКЕРИ ДОКТРИНАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ КЕЙБІР ӨЗГЕРІСТЕР

К.Е. Алиев

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,  
қаласы әскери іс институты (әскери кафедра), Алматы қ., [Alievv\\_25@mail.ru](mailto:Alievv_25@mail.ru)

**Түйіндеме.** Мақалада мемлекеттің Әскери доктринасының эволюциясы аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қолданудағы негізгі өзгерістері қарастырылған. Мемлекетіміз егемендікке қол жеткізгеннен бері алты Әскери доктрина қабылданған. Автор оның әр қайсысына тоқталып, талдау жасап, ол құжаттардағы Ұлттық ұланның міндеттерін, жалпы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, оның аса маңызды құрамдас бөлігі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі орнын көрсеткен.

Мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының құрылысы, дамуы және орынды қолдануы Әскери доктриналардың талаптарына сай жүргізілгені мәлімденеді. Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың негізгі сипаты мен ерекшеліктері, мемлекеттің әскери ұйымын, соның ішінде мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне жауап беретін Ұлттық ұланын дамытудың негізгі міндеттері айқындалды.

**Түйінді сөздер:** әскери доктрина, Ұлттық ұлан, ұлттық қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік, қорғаныс, қауіптер.

## НЕКОТОРЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПРИМЕНЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ В РАМКАХ ЭВОЛЮЦИИ ВОЕННОЙ ДОКТРИНЫ

К.Е. Алиев

Казахский национальный исследовательский технический университет  
имени К.И. Сатпаева, институт военного дела (военная кафедра) г. Алматы,  
[Alievv\\_25@mail.ru](mailto:Alievv_25@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассмотрены основные изменения в применении Национальной гвардии Республики Казахстан в рамках эволюции Военной доктрины государства. С момента обретения Республики Казахстан независимости принято шесть Военных доктрин. Автор остановился на каждом из них, проанализировал их, отметив место Национальной гвардии в системе обеспечения национальной безопасности и указав на ее важнейшую составляющую, как обеспечения военной безопасности.

В статье раскрывается, что строительство, развитие и разумное применение Нацио-

нальной гвардии Республики Казахстан осуществлялась в соответствии с требованиями Военных доктрин государства. Отмечены основные характеристики и особенности современных военных конфликтов, основные задачи развития военной организации государства, в том числе Национальной гвардии, отвечающей за внутреннюю безопасность государства.

**Ключевые слова:** военная доктрина, Национальная гвардия, Национальная безопасность, военная безопасность, оборона, угрозы.

## SOME CHANGES IN THE USE OF THE NATIONAL GUARD AS PART OF THE EVOLUTION OF MILITARY DOCTRINE

K.E. Aliyev

*Kazakh National Research Technical University named after K.I. Satpayev,  
Institute of Military Affairs (Military Department), Almaty, Aliyevv\_25@mail.ru*

**Abstract.** *The article discusses the main changes in the use of the National Guard of the Republic of Kazakhstan in the framework of the evolution of the Military Doctrine of the state. Since the independence of the Republic of Kazakhstan, six Military Doctrines have been adopted. The author dwelt on each of them, and analyzed them, noting the place of the National Guard in the national security system and pointing out its most important component as ensuring military security.*

*The article reveals that the construction, development, and reasonable use of the National Guard of the Republic of Kazakhstan was carried out by the requirements of the Military Doctrines of the state. The main characteristics and features of modern military conflicts, and the main tasks of the development of the military organization of the state, including the National Guard, responsible for the internal security of the state, are noted.*

**Keywords:** *military doctrine, National Guard, national security, military security, defense, threats.*

**DOI 10.61995/bela/2023.1.28**

Егемен Қазақстан құрылған сәттен бастап ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің басты приоритеті болып саналады. Оның аса маңызды құрамдас бөлігі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясын қалыптастыратын айқындаушы құжат Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғанысы туралы мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесін білдіреді. Әскери доктринада Қазақстан Республикасына төнетін ықтимал әскери қатерлерді ескере отырып, мемлекеттік қызметтің әскери-саяси, әскери-стратегиялық және әскери-экономикалық

саладағы, мемлекеттің жұмылдыру дайындығы жөніндегі негізгі бағыттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери ұйымын дамыту жөніндегі негізгі шаралар айқындалған.

Әскери доктрина қорғаныстық сипатта және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау үшін дипломатиялық, саяси, құқықтық, экономикалық және басқа да әскери емес құралдарды басым пайдалануға бейілдігін білдіреді. Қазақстан Республикасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін әскери емес құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері таусылған кезде әскери күш қолдануды көздейді. Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуын бағалау мен болжау нәтижелеріне, әскери жанжалдар сипатындағы және қарулы күрестің мазмұнындағы өзгерістерге негізделеді [1].

Тәуелсіздіктің барлық жылдарында Қазақстанда алты Әскери доктрина қабылданды: 1993 жылы, 2000 жылы, 2007 жылы, 2011 жылы, 2017 және 2022 жылдары. Олардың барлығы нақты қорғаныс сипатына ие болды және орта мерзімді кезеңге арналған.

1992 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (ИМ) Ішкі әскері құрылды. 2014 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасы ИМ Ішкі әскері Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы болып қайта құрылуын ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған.

Ұлттық ұланға мынадай міндеттер жүктеледі:

- маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету;

- ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдай мен соғыс жағдайының, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге қатысу, осы операцияға, сондай-ақ табиғи, техногендік және элеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою жөніндегі іс-шараларға қатысу;

- сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі аралас мекемелерін күзету;

- сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі аралас мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

- сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүру;

- соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

- Қазақстан Республикасының аумағында қарулы қылмыскерлерді залалсыздандыру, заңсыз әскерилендірілген немесе қаруланған құралымдар (топтар), ұйымдасқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) әрекетін тоқтату жөніндегі арнайы операцияларға қатысу;

- ауыр және аса ауыр қылмыстардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесуге қатысу және тайталасушы тараптарды ажырату;

- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау [2].

Әрине, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі құралы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері болып табылады. Қарулы Күштердің әскери қауіпсіздік тапсырмаларын орындауы мемлекеттің басқа әскер-

лерімен және әскери құралымдарымен тығыз өзара әрекеттесумен жүзеге асырылады, оның ішіне Ұлттық ұланның өзіндік орны ерекше.

Әскери доктринаның эволюция кезінде мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Ұлттық ұланды қолданудағы негізгі өзгерістерге тоқтала кетейік.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның дамуы 1993 жылғы 11 ақпанда бекітілген Қазақстанның алғашқы Әскери доктринасында көрініс тапты [3]. Ұлттық ұланның құрылысы бірінші Әскери доктринаға сәйкес жүргізілді, ол әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталған болды.

Әскери ғалым, профессор Серикбаев К.С. тұңғыш Әскери доктринаның мағынасын былай сипаттады: «Егер Қазақстан өзі немесе оның одақтастары қарулы агрессия объектісіне айналмаса, Қазақстан ешқашан және ешбір жағдайда қандай да бір мемлекетке қарсы әскери іс-қимылдарды бірінші болып бастамайтыны көрініс тапты. Сонымен қатар, құжатта Қазақстан ешкімге қауіп төндірмейтіні, барлық мемлекеттермен қауіпсіздік мүдделерін өзара есепке алу негізінде қарым-қатынас орнатуға дайын екендігі, әскери артықшылыққа ұмтылмайтыны және ядролық және қарапайым Қарулы Күштердің қысқаруын тарихи маңызы бар міндет ретінде қарастырылатынын атап өтті». [4; 114].

Ұлттық ұланға Әскери доктрина бойынша келесі міндеттер жүктелді:

- қақтығыс ауданында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету және төтенше жағдайда құқықтық режимді сақтап тұру;

- қақтығыс ауданын оқшаулау және шектеу;

- қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату;

- заңсыз қарулы құрылымдарды қарусыздандыру және жою, қақтығыс ауданында халықтың қолындағы қаруды алу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

- қақтығыс ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп мен қауіпсіздікті сақтауды күшейту;

- ішкі қауіпсіздік қатерін жою мүддесінде жедел-іздістіру және тергеу іс-шараларын жүргізу.

Бұл құжатта соғыс уақыты кезіндегі Ұлттық ұланның мәртебесі мен міндеттерінің көрсетілмегенін атап өту керек.

1993 жылғы Әскери доктрина Қазақстан армиясының, сонымен қатар Ұлттық ұланның қалыптасуында оң рөл атқарды, бірақ сонымен бірге 90-жылдардың аяғында көптеген ережелер өзектілігін жоғалтты. Қазақстанда көптеген өзгерістер болды. Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басым бағыттар айқындалған орта мерзімді кезеңге арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бекітілді.

Әлемде де түбегейлі өзгерістер болды. Қазақстан шекарасына жақын жерде туындаған ықтимал қауіптер, экстремистер мен халықаралық террористердің қарулы құралымдарының ел аумағына ену ықтималдығы Қазақстанның әскери саясатын, әскери стратегиясын, әскери ұйымын өзгерген жағдайларға бейімдеу қажеттілігін туғызды.

Осы жағдайларда 2000 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының екінші әскери доктринасы қабылданды [5]. Егемен Қазақстанның алғашқы әскери доктринасы қабылданғаннан кейінгі жеті жыл ішінде әлем мен Орталық Азия өңіріндегі жағдай түбегейлі өзгерді. Бұл өзгерістер саяси және әскери аспектілерге әсер етті.

Доктринада жаңа тәуекелдер мен қауіпсіздікке төнетін қауіптер пайда болды, олардың арасында ең үлкен қауіп әртүрлі әскери қақтығыстардың, экстремизмнің, халықаралық терроризмнің, ұйымдасқан қылмыстың, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымының пайда болуы ықтималдығының артуы болып табылды. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасындағы әскери құрылыстың басты мақсаты осы Әскери доктрина мемлекеттің өмірлік маңызды ұлттық мүдделерін қолданыстағы және әлеуетті әскери қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті жақсы жарақтандырылған, жоғары мобильді Қарулы күштермен бірге Ұлттық ұланды құру айқындалды.

Бұл құжатта Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына алғашқы Әскери доктринада көрсетілгендей қақтығыс ауданын оқшаулау және тосқауыл қою, қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату, және де елімізге терроризм қауіпін ескере отырып, заңсыз қарулы құрылымдарды, тонаушы және террорлық топтар мен ұйымдарды қарусыздандыру нақтыланды.

Сонымен қатар, Ұлттық ұланның міндеттерінің бірі маңызды мемлекеттік объектілерді қорғау үшін көмектесуге Қазақстан Республикасының заңнамасындағы белгіленген тәртібімен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдар тартылуға тиістілігі көрсетілген. Қазақстан Республикасының аумағында ықтимал ішкі қақтығыстар мен өзге де қарулы күрес құралдарын қолдана отырып, оның өмірлік маңызды мүдделеріне қатер төндіретін іс-әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу іс-шаралары айқындалған.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары тұңғыш рет әскери стратегияға, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы қақтығыстардың алдын алуға, әскери құрылысқа, сондай-ақ мемлекеттің Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, соның ішінде Ұлттық ұланды қолдануға түбегейлі ресми көзқарастарды қамтитын құжат жарияланды. 2000 жылы Қазақстанда Әскери доктринаның ашық жариялануы әскери салада ашықтық жағдайын жасауға, көрші мемлекеттермен қарым-қатынастардың сенімін арттыруға және демилитаризациялауға ықпал етті.

2007 жылғы 21 наурызда Қазақстан Республикасының тарихында үшінші Әскери доктрина қабылданды [6], ол алдыңғы екеуінен айтарлықтай ерекшеленеді: біріншісі елде ядролық қарудың болуына негізделді, ал екіншісі Қазақстанның орасан зор жұмылдыру және адам ресурстарын тарта отырып, жаһандық соғыстарға қатысуын көздеді. Бұл құжаттың мазмұны әлемде өткен 7 жылда болған өзгерістерді, сондай-ақ әлемдік даму сипатындағы өзгерістер контекстінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басымдықтарға ел басшылығының көзқарастарындағы өзгерістерді көрсетеді. Алдыңғы әскери доктриналардың бұрынғы редакциясымен салыстырғанда жаңа құжаттың құрылымы да өзгерді.

Үшінші әскери доктринаны қабылдаудың ішкі факторлары қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырту болды, бұл мемлекеттің әскери ұйымын, сонымен қатар Ұлттық ұланды жетілдіру мен дамытуды алдын ала айқындады.

Сыртқы алғышарттар сол кездегі халықаралық жағдай болды, тұрақсыздықпен сипатталды және экономикалық және әскери әлеуетіне қарамастан елдер үшін қауіп тудырды.

Осымен, Ұлттық ұланның атқаратын міндеттері нақтыланып, келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- экономика және инфрақұрылым, соның ішінде мұнай операцияларының стратегиялық объектілерін күзету, ерекше қауіпті құқық бұзушылықтарды, диверсияларды террорлық актілерді, заңсыз қарулы құрамалармен күресуде жолын кесуге қатысу;

- ішкі қарулы қақтығысты тыю кезінде қақтығыс ауданын оқшаулау және тосқауыл қою;

- қақтығыс ауданына қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың құқықтық режимін сақтап тұру;

- заңсыз қарулы құрылымдарды қарусыздандыру мен жою және қақтығыс ауданында халықтың қолындағы қаруды алып қою;

- аймақтық және азаматтық қорғаныстың жоспарларына сәйкес қақтығыс ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғауды күшейту;

- заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да міндеттерді шешу.

2007 жылғы Әскери доктрина сол кездегі әскери-саяси шындықты көрсетті, терроризм мен экстремизмге қарсы күреске байланысты соңғы кезеңдегі қиындықтарға жауап берді. Онда Қазақстан өзінің аумақтық тұтастығы мен егемендігін әскери құралдармен қамтамасыз етуге, терроризмге, заңсыз қарулы құралдарға қарсы күрес жүргізуге, сондай-ақ өзі қабылдаған міндеттемелерді негізге ала отырып, өзінің одақтастарына әскери көмек көрсетуге дайын екенін жоспарлады.

Үшінші Әскери доктрина ел қауіпсіздігінің ықтимал сын-қатерлері мен қатерлерін жіктеді, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен бірге Ұлттық ұланның жаңа мүмкіндіктерін дамыту жағдайларын нақтылады. Елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныс бағыты айқындалды, бұл Қазақстанның бірінші кезекте саяси-дипломатиялық, құқықтық, экономикалық, гуманитарлық, ақпараттық-насихаттық және өзге де кез келген мемлекетаралық қайшылықтар мен қақтығыстарды шешудің әскери емес шараларына принципті бейілділігін растады. Соған қарамастан, әскери шаралар мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті құралы болып қала берді.

Осылайша, Ұлттық ұланның қолдануы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ішкі және сыртқы қауіптердің әсеріне сәйкес өзгертіліп, нақтыланды.

Сонымен қатар, ғалым Т.М. Мухамадеев мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Әскери доктринаның алатын рөлін 2007 жылға дейін ашып талдаған және Қазақстанның қабылданған үшінші Әскери доктринасы еліміздің әскери қауіпсіздігін сенімді шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деген [7].

2011 жылғы төртінші Әскери доктринада [8] мынадай негізгі ұғымдар пайдалануға берілді: Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі; әскери жанжал; қарулы жанжал; төмен қарқынды әскери жанжал; орташа қарқынды әскери жанжал; жоғары қарқынды әскери жанжал. Әскери доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ағымдағы жағдайға талдау жасалды. Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың негізгі сипаты мен ерекшеліктері, мемлекеттің әскери ұйымын, соның ішінде Ұлттық ұланын дамытудың негізгі міндеттері көрсетілді.

Бұл құжатта қазіргі заманғы және тиімді Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сонымен қатар Ұлттық ұлан әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы, Қазақстан Республикасының ішкі саяси тұрақтылығы мен серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болып айқындалды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдармен бірге Ұлттық ұлан агрессияға тойтарыс беру, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілердің күзеті мен қорғанысы, ішкі саяси тұрақтылықты қолдау, терроризмге қарсы күрес, төтенше жағдайлардың салдарларын жою үшін қолданылатыны және тартылатыны бекітілді.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен Ұлттық ұланның бейбіт уақыттағы негізгі міндеттері былай деп анықталды:

- жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін, мемлекеттік шекарадағы немесе Қазақстан Республикасы аумағының шегіндегі төмен қарқынды әскери жанжалдарды, кез келген заңсыз қарулы күш көрсетулерді оқшаулауды және жолын кесуді қамтамасыз

ететін деңгейде бейбіт уақыт штатында басқару органдары мен әскерлердің дайындық дәрежесін қолдау;

- әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ мемлекеттік шекараның жедел-стратегиялық тұрғыдан маңызды учаскелерін бүркемелеу;

- Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде, құрлықтық қайраңдарында және экономикалық аймағында Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғау;

- ерекше маңызды және стратегиялық объектілерді күзету;

- орташа немесе жоғары қарқынды жанжал катері туындаған жағдайда Қарулы Күштерді стратегиялық өрістетуге әзірлікті қамтамасыз ету;

- диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;

- елдің кез келген ауданында ішкі саяси жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шешуші іс-қимылдарға әзірлікті көрсету;

- төтенше жағдайлар режимін қамтамасыз етуге қатысу;

- авариялардың, экологиялық апаттардың, әртүрлі төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың зардаптарын жоюға қатысу, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы дүлей зілзаладан зардап шеккен аумақтардың халқына көмек көрсету;

- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де операцияларға қатысу.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарымен бірге Ұлттық ұлан төмен қарқынды әскери жанжалдарда, әдетте, шиеленіс ошағын оқшаулау және жанжалдарды бейбіт құралдармен реттеу үшін жағдай жасау мақсатында неғұрлым ерте сатыда әскери іс-қимылдарды тоқтату, заңсыз қарулы құралымдарды жою, жағдайды қалпына келтіру, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халыққа қажетті көмек көрсету үшін қолданылатыны көрсетілді.

Әскери доктринада ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланына жүктелді, оларды күшейту үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамалары мен бөлімдері тартылуы тиіс деп бекітілді.

2016 жылдың маусым айында Ақтөбе қаласында және басқа өңірлерде өткен террористерді жою арнайы операциясына басқа да мемлекеттік құрылымдармен бірге Ұлттық ұлан жауынгерлері Әскери доктринадағы міндеттеріне сәйкес қатысып, өздерінің жоғары жауынгерлік әлеуетін көрсетті.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарымен бірге Ұлттық ұланның соғыс уақытындағы негізгі міндеттері Қазақстан Республикасына және оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беру, агрессордың әскерлеріне соққы беру, оны әскери іс-қимылдарды тоқтатуға мәжбүрлеу, агрессияға дейінгі жағдайды қалпына келтіру болып табылды.

Төртінші Әскери доктринада мемлекетке қарсы төменгі, орташа және жоғары қарқынды жанжалдардың пайда болуы, себептері айқындалды.

Әскери география айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 2012 жылы Ұлттық ұлан құрылымына өңірлік қолбасшылықтар енгізіліп, мемлекетіміздің әскери қауіпсіздігінің жаңа заманауи элементіне айналды.

Сонымен, бұл құжат мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстық бағыттылығын айқындады және 2015 жылы Ұлттық ұланның қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін қолданыстағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы Заңы қабылданды [1].

Қазақстанның мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешу кезіндегі дипломатиялық, құқықтық және әскери сипаттағы емес өзге де шаралардың басымдығы туралы қағидатты ұстанымына негізделді.

Мемлекеттің бесінші 2017 жылғы Әскери доктринада мынадай негізгі ұғымдар енгізілді: ішкі қарулы жанжал; шекаралық қарулы жанжал; «гибридті» күрес әдістері; әскери емес құралдар [9].

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Ұлттық ұланның басқару жүйесін дамыту жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде қару мен ресурстарды автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізілу нақтыланды. Сонымен қатар Ұлттық ұланды қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техникамен жабдықтау, ол әскерлердің барлау, соққы беру және

көліктік мүмкіндіктерін арттыруға, қабілетін жоғарлатуға мүмкіндік берді.

Бұл құжатта Ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен, Қарулы Күштерімен және басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылда Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына жүктелгені тағыда нақтыланды.

Төмен қарқынды әскери жанжалда бейбіт уақытта ұдайы әзірлік жай-күйінде болатын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен бірге Ұлттық ұланның басқару органдары, құрамалары мен әскери бөлімдері қолданылатыны айқындалды.

Соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен бірге Ұлттық ұланның негізгі міндеттері мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру, қарсыластың әскерлерін зақымдау, оны әскери іс-қимылдарды тоқтатуға мәжбүрлеу болып табылды.

Қарсылас мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған, соның ішінде арнайы операциялар күштерін (арнайы мақсаттағы), жекеменшік әскери, күзет компанияларын, сондай-ақ террористік, экстремистік ұйымдарды және сепаратистік қозғалыстарды пайдалану арқылы жасырын іс-қимылдарды жүргізген жағдайларда Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдармен бірге Ұлттық ұлан олардың әрекеттерінің жолын кесу үшін арнайы операцияларды жүргізетіні көрсетілді.

Қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде Ұлттық ұлан қызметкерлері өзінің міндеттерін адал орындап, маңызды мемлекеттік объектілерді күзетуге, ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдырылды. Олардың барлығы адал қызмет атқарды және соңғысына дейін өз позицияларынан шегінбеді.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Әскери доктринаны қайта қарау қажеттігін мәлімдеген еді. Қарулы күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды (Ұлттық ұланды) қайта форматтау туралы бірқатар тапсырмалар берген Президент қорғаныс қабілетін нығайту, қауіп-қатерлерге ден қоюдың жеделдігін арттыру мемлекеттік маңызы бар басымдықтарға айналуды тиіс екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін қазіргі заманғы сын-қатерге сәйкес 2022 жылы Әскери доктрина қайта әзірленді [1].

Әскери доктринаның өзгерістері бойынша негізгі ұғымдар қатарына «дағдарысты жағдай», «резервтегі әскери қызмет» сынды тағы да басқа тың терминдер нормативті түрде енгізілді. Оның біріншісі ел аумағындағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын білдірсе, екіншісінде резервтегі азаматтарды жиындар мен арнайы дайындықтарға шақырту қарастырылды. Қазіргі уақытта дағдарысты жағдай кезінде Ұлттық ұланды қолдану Қазақстан Республикасының өзгертілген және толықтырылған «Төтенше жағдай туралы» Заңына сәйкес орын алатыны мәлім. Резервтегі қызметті еліміздің азаматтары Ұлттық ұлан қатарында да атқаруы мүмкін екені қарастырылуда.

Жаңа Әскери доктрина негізгі өзек ретінде қорғаныс принципін сақтап қалды. Қазақстан қарсылас ретінде бірде-бір мемлекетті анықтамайды. Бірақ қазіргі әлемнің шындықтары жаңа ғасырдың басында жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке төнетін қауіптердің ауқымы азайған жоқ. Халықаралық қауымдастық саяси және психологиялық қысымды, ақпараттық күресті, күш көрсетуді, экономикалық санкцияларды қоса алғанда, жанама әрекеттерді қолдануға негізделген халықаралық қатынастардағы күш қысымының әдістерімен бетпе-бет келуді жалғастыруда.

Құжатта Ұлттық ұланның ұтқырлығын арттыру және әскери қауіпсіздіктің қазіргі заманғы қатерлеріне барабар ден қою мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының құрылымын жетілдіру, құрамын күшейту және инфрақұрылымын дамыту жөнінде шаралар дәйекті және жоспарлы түрде жүргізілуге қолға алынды. Дағдарыс жағдайлары кезіндегі міндеттерді шешу және ішкі қарулы қақтығыстың жолын кесу үшін, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың, төтенше және соғыс жағдайлардың құқықтық режимдерін қамтамасыз ету кезінде Ұлттық ұланды қолданудың жаңа нысандары мен іс - қимыл тәсілдері енгізілді.

Сондай-ақ, Әскери доктринада Қазақстан Республикасы елдегі ішкі тұрақтылықты

камтамасыз етуге, мемлекетке қарсы әскери қақтығыстардың туындау қаупін болдырмауға бағытталғандығы ерекше атап өтілді. Және де халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күреске, мемлекеттің әскери ұйымын Қазақстан Республикасы мен оның одақтасарын қарулы қорғауға жоғары дайындықта қолдауға қатысуды кеңейтті. Олардың ішінде Жедел әрекет ету күштері тарапынан қолданылатын Ұлттық ұланның жауынгерлері бар. Олар, геосаяси тұрақсыздық, жаңа қауіп-қатерлер жағдайында ұлттық мүддемізді қорғауға, мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға дайын.

Сонымен қатар, ел Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жоспарында озық қарумен, басқару жүйесімен жабдықталған технологиялық мобильді армия (соның ішінде Ұлттық ұлан) құру, қорғаныс өнеркәсібін дамыту, әскери білім мен ғылымды жетілдіру, әскери қызмет беделін, Қазақстан армиясының абыройын арттыру, жастарға әскери патриоттық тәрбие беру міндеті айқындалған.

Әлбетте, тәуелсіз ел болудың басты шарты сол мемлекетті қорғайтын айбынды әскерінің болуымен тікелей байланысты. Кез келген мемлекет өзінің қалыптасуын ұлттық әскерсіз, қауқарлы армиясыз, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ауқымды үлес қосатын Ұлттық ұлансыз құра алмайтыны айқын.

Қорытындылай келе, елімізге төнген ішкі және сыртқы қауіптерді, мемлекет және әлемдік қоғамдастықты дамытудың жаңа басымдықтарын ескере отырып әзірленген Әскери доктриналар мемлекет қызметінің басты бағыты - Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін сенімді шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бергені анық. Жаңа енгізілген Қазақстанның Әскери доктринасы қазіргі заманғы мемлекеттің әскери стратегияның аса маңызды ережелері әзірленетін негізгі идеялық базаны құрайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің аса маңызды құрамдас бөлігі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Ұлттық ұланды қолдану Әскери доктринаның эволюциясы аясында жүргізіліп отырғаны мәлім.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 1045 Жарлығы. Интернет ресурсы: <https://adilet.zan.kz>. (жүгінген күні: 24.03.2023ж.).

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 10 қаңтардағы № 274-V ҚРЗ. Интернет ресурс: <https://akorda.kz>. (жүгінген күні: 24.03.2023ж.).

3. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 11 ақпандағы № 1094 Қаулысы // «Егемен Қазақстан» 1993 жылғы 17 ақпандағы № 39.

4. Серикбаев К.С. Военная безопасность страны. Проблемы и перспективы военной реформы. - Алматы: Военно-научный центр.

5. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы № 334 Жарлығы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің Актілер Жинағы. - 2000. - № 7. - 67 б.

6. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы № 299 Жарлығы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің Актілер Жинағы, 2007. - № 8. - 5-28 бб.

7. Мухамадеев Т.М. Эволюция военной доктрины Казахстана. // Вестник КАРГУ, 2009. - № 4(56). - С. 51-55.

8. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығы. Интернет ресурсы: <https://adilet.zan.kz>. (жүгінген күні: 24.03.2023ж.).

9. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығы. Интернет ресурсы: <https://adilet.zan.kz>. (жүгінген күні: 24.03.2023ж.).